

"6-1) осы баптың 6) тармақшасына сәйкес бұрын салық салуға жатпайтын, 2004 жылғы 1 мамырдан бастап әскери және арнаулы атақтар болу, нысанды киім киіп жүру құқығы жойылған адамдарға Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарында, қылмыстық-атқару жүйесі және мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары мен мекемелерінде қызметтік міндеттерін атқарған кезде берілетін төлемдердің барлық түрі,";

2) 316-баптың 1-тармағының бірінші абзацы "6)," деген саннан кейін "6-1)" деген санмен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі Кеден кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 7-8, 40-құжат; N 15, 139-құжат):

1) 505-баптың 2-тармағы "заңдарымен" деген сөзден кейін ", өзге де нормативтік құқықтық актілерімен" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 506, 510, 522-баптардың тақырыптарындағы және мәтіндеріндегі "арнаулы атақ", "арнаулы атақтар", "арнаулы атақтан", "арнаулы атақтарын", "арнаулы атақтарда", "арнаулы атақты" деген сөздер тиісінше "сыныптық шен", "сыныптық шендер", "сыныптық шеннен", "сыныптық шендерін", "сыныптық шендерде", "сыныптық шенді" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) 510 - бапта :

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Кеден органының лауазымды адамына атқаратын қызметіне және еңбек сіңірген жылдарына сәйкес белгіленген тәртіппен мынадай сыныптық шендер беріледі:

1) кіші басшы құрам :

кеден қызметінің кіші инспекторы;

2) орта басшы құрам :

кеден қызметінің III сыныпты инспекторы;

кеден қызметінің II сыныпты инспекторы;

кеден қызметінің I сыныпты инспекторы;

3) аға басшы құрам :

кеден қызметінің III сыныпты кеңесшісі;

кеден қызметінің II сыныпты кеңесшісі;

кеден қызметінің I сыныпты кеңесшісі;

мынадай мазмұндағы 4-тармақпен толықтырылсын:

"4. Сыныптық шендер кеден органдарына қойылған негізгі міндеттер мен функцияларды тікелей орындайтын кеден органдарының лауазымды адамдарына беріледі .

Кеден органдарының лауазымды адамдарына сыныптық шендер беру (айыру) тәртібі Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Қазақстан Республикасының кеден органдарында қызмет өткеру туралы ережемен айқындалады.

Сыныптық шендер берілетін кеден органдарының лауазымды адамдары

лауазымдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

4) 511, 512, 513, 514-баптар алынып тасталсын;
523-баптың 1-тармағының 7), 8) тармақшаларындағы "арнаулы атақ", "атақ" деген сөздер тиісінше "сыныптық шен", "шен" деген сөздермен ауыстырылсын.

3. 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., N 16, 141-құжат):

21 - б а п т ы ң 4 - т а р м а ғ ы н д а :

"нысанды киім-кешекпен" деген сөздер "нысанды киіммен (погонсыз)" деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Нысанды киім (погонсыз) киіп жүру құқығы бар қызметкерлердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды. Нысанды киім (погонсыз) үлгілерін, киіп жүру тәртібін және онымен қамтамасыз ету нормаларын уәкілетті орган бекітеді."

4. "Әскери қызметшілер мен олардың отбасы мүшелерінің мәртебесі және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 20 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 2, 32-құжат; N 18, 429-құжат; 1995 ж., N 20, 120-құжат; N 22, 133-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 23, 920-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2003 ж., N 15, 135-құжат):

мынадай мазмұндағы 17-1-баппен толықтырылсын:

"17-1-бап. Әскери және арнаулы атақ алу, нысанды киім киіп жүру құқығы 2004 жылдың 1 мамырынан бастап жойылған адамдардың құқығы мен кепілдіктері

Әскери және арнаулы атақ алу, нысанды киім киіп жүру құқығы 2004 жылдың 1 мамырынан бастап жойылған адамдардың олардың Қарулы Күштерде, басқа да әскерлер мен әскери құралымдарда қызмет атқарған кезеңінде осы Заңның II бөлімінің күші қолданылады."

5. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 21 қазандағы Заңына(Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1993 жыл, N 18, 439-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 11, 357-құжат; 2001 ж., N 3, 20-құжат; 2001 ж., N 24 , 338 - құ ж а т) :

58-бап мынадай мазмұндағы сегізінші абзацпен толықтырылсын:

"Балық қорларын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі аумақтық уәкілетті мемлекеттік органның, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық органының лауазымды адамдары, жануарлар дүниесінің қорларын, соның ішінде балық қорларын қорғауды тікелей жүзеге асыратын ұйымдардың қызметкерлері (қорықшылар, аңшылар, бас аңшылар), сондай-ақ балық қорларын қорғау және балық аулауды реттеу жөніндегі мемлекеттік мекемелердің

қызметкерлері нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етіледі. Нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар қызметкерлердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды. Нысанды киім (погонсыз) үлгілерін, киіп жүру тәртібін және онымен қамтамасыз ету нормаларын уәкілетті орган бекітеді".

6. "Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 3 қазандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 19, 118-құжат; N 23, 142-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 108-құжат; N 12, 184, 190-құжаттар; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 13-14, 144-құжат):

16-баптың бірінші абзацында:

"Республикасының" деген сөзден кейін "мемлекеттік қызмет туралы және" деген сөздермен толықтырылсын.

7. "Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 5 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 22, 139-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184, 190-құжаттар; 1998 ж., N 11-12, 174-құжат; N 24, 436-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2004 ж., N 1, 2-құжат):

6-баптың 4-тармағы "қызметі" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы және" деген сөздермен толықтырылсын.

8. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы" 1995 жылғы 20 желтоқсандағы N 2697 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 148-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., N 23, 321-құжат; N 24, 338-құжат; 2002 ж., N 15, 147-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат):

7-бап мынадай мазмұндағы бөліктермен толықтырылсын:

"Азаматтық және эксперименттік авиация қызметіне мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті органның қызметкерлері қызметтік міндеттерін орындау кезінде үлгілерін және беру тәртібін уәкілетті орган бекітетін айырым белгілері бар нысанды киімде (погонсыз) болуы тиіс.

Уәкілетті органның нысанды киім (погонсыз) киіп жүру құқығы бар қызметкерлерінің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді".

9. "Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 108-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 8, 233-құжат; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 6, 72-құжат; N 17, 155-құжат):

21-баптың 1-тармағында "Республикасының" деген сөзден кейін "мемлекеттік қызмет туралы және" деген сөздермен толықтырылсын.

10. "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Заңына Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 156-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 15, 208-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 21, 774-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; 2001 ж., N 20, 257-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 15, 139 - құжат) :

1) 11-баптың б) және 9) тармақшаларындағы "сыныптық шендер мен" деген сөздер алынып тасталсын ;

1) 49-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"49-бап. Прокуратура органдары қызметкерлерінің әскери атақтары, нысанды киімі және арнаулы мантиялары

1. Әскери прокуратураның алдына қойылған негізгі міндеттер мен функцияларды тікелей орындайтын әскери прокуратура қызметкерлеріне атқаратын қызметіне және арнаулы қызметтегі стажына сәйкес мынадай әскери атақтар беріледі:

әділет генерал-лейтенанты;
әділет генерал-майоры;
әділет полковнигі;
әділет подполковнигі;
әділет майоры;
әділет капитаны;
әділет аға лейтенанты;
әділет лейтенанты;
аға прапорщик;
прапорщик.

2. Әділет генералдарының әскери атақтарын Қазақстан Республикасының Президенті береді.

3. Әскери прокуратураның әскери атақтар берілген қызметкерлері нысанды киіммен тегін қамтамасыз етіледі.

4. Сот отырыстарына қатысатын прокуратура органдарының қызметкерлері арнаулы мантиялармен тегін қамтамасыз етіледі.

5. Нысанды киімдердің, арнайы мантиялардың және айырым белгілерінің үлгілері, нысанды киім, арнайы мантияларды киіп жүру тәртібі мен қамтамасыз ету нормасы, сондай-ақ әскери атақтар беру және олардан айыру тәртібі Қазақстан Республикасының Президенті бекітетін Прокуратура органдарында қызмет өткеру туралы ережемен белгіленеді.

6. Әскери атақтары бар адамдарға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әскери атақтары бойынша жалақы белгіленеді.";

3) 53 - бапта :

1-тармақ "сыныптық шендері болу, нысанды киім киіп жүру құқығы 2004 жылдың 1

мамырынан бастап жойылған адамдар үшін зейнетке шығу кезінде әлеуметтік қамтамасыз ету, барлық жеңілдіктер мен артықшылықтар сақтала отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

8-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Осы бапта көзделген бір жолғы өтемді есептеу үшін қолданылатын ақшалай қаражат сыныптық шендері болу, нысанды киім киіп жүру құқығы 2004 жылдың 1 мамырынан бастап жойылған адамдар үшін белгіленген лауазымдық жалақыдан және сыныптық шен үшін (әскери атағы бойынша) қосымша ақыдан (жалақыдан) тұрады."

11. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат; 1998 ж., N 24, 436-құжат; N 17-18, 225-құжат; 1999 ж., N 8, 233-құжат; N 23, 920-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; 2001 ж., N 13-14, 174-құжат; N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; N 23, 309-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 12, 82-құжат):

1) 20-бап мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Ішкі істер органдарының алдына қойылған негізгі міндеттер мен функцияларды тікелей орындайтын ішкі істер органдарының қызметкерлеріне арнаулы атақтар және нысанды киім кию құқығы беріледі.

Арнаулы атақ берілетін ішкі істер органдарының қызметкерлері лауазымдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

2) мынадай мазмұндағы 32-1-баппен толықтырылсын:

"32-1-бап. Арнаулы атақтар болу, нысанды киім киіп жүру құқығы 2004 жылдың 1 мамырынан бастап жойылған адамдардың құқығы

Арнаулы атақтар болу, нысанды киім киіп жүру құқығы 2004 жылдың 1 мамырынан бастап жойылған адамдарға, олардың ішкі істер органдарындағы қызметтерінің кезеңінде осы Жарлықтың 26-бабының 4-тармағын қоспағанда, осы Жарлықтың 6-тарауының күші қолданылады."

12. "Өрт қауіпсіздігі туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 18, 368-құжат; 1998 ж., N 23, 416-құжат; 1999 ж., N 20, 728-құжат; N 23, 931-құжат; 2000 ж., N 6, 142-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 14, 112-құжат; 2003 ж., N 24, 177-құжат) :

1) 10 - 5 - бапта :

бірінші бөліктегі "Мемлекеттік" деген сөздің алдынан "Осы органдардың алдына қойылған негізгі міндеттер мен функцияларды тікелей атқаратын" деген сөздермен толықтырылсын ;

мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

"Арнаулы атақ берілетін мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының

қызметкерлері лауазымдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.
"

2) мынадай мазмұндағы 10-12-баппен толықтырылсын:

"10-12-бап. Арнаулы атақтар болу, нысанды киім киіп жүру құқығы 2004 жылдың 1 мамырынан бастап жойылған адамдардың құқығы

Арнаулы атақтар болу, нысанды киім киіп жүру құқығы 2004 жылдың 1 мамырынан бастап жойылған адамдарға, олардың мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы қызметтерінің кезеңінде еңбек ақы төлеу, медициналық және санаториялық-курорттық, зейнетақымен қамтамасыз ету тәртібі, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметкерлері үшін Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген әлеуметтік қорғау және кепілдік шарттары қолданылады."

13. "Қазақстан Республикасында азаматтардың денсаулығын сақтау туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 10, 109-құжат; 1998 ж., N 14, 201-құжат; N 24, 434-құжат; 1999 ж., N 8, 247-құжат; N 23, 927-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат; 2004 ж., N 2, 9-құжат):

24-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"2. Әскери және арнаулы атақтар болу, нысанды киім киіп жүру құқығы 2004 жылдың 1 мамырынан бастап жойылған адамдарға олардың әскери қызметі, ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік, Қазақстан Республикасының ішкі әскерлері органдарындағы қызметі кезеңінде осы баптың 1-тармағының күші қолданылады."

14. "Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 11, 154-құжат; 1999 ж., N 8, 239-құжат; N 23, 925-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат; 2003 ж., N 1-2, 13-құжат):

11-баптың 3) және 4) тармақшалары, 16-баптың 4-тармағы "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитетінің" деген сөздерден кейін ", арнайы атақтар берілген және, Қазақстан Республикасының заңнамасымен ішкі істер органдарының қызметкерлері үшін белгіленген тәртіп қолданылатын қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының және әскери және арнаулы атақтары болу, нысанды киім-кешек киіп жүру құқығы 2004 жылдың 1 мамырынан бастап жойылған адамдарға" деген сөздермен толықтырылсын.

15. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 186-құжат; 1998 ж., N 24, 437-құжат; 1999 ж., N 8, 237-құжат; N 23, 925-құжат; 2001 ж., N 17-18, 245-құжат; N 20, 257-құжат; 2002 ж.,

№ 1, 1-құжат; № 23-24, 198-құжат; 2003 ж., № 1-2, 9-құжат; № 11, 56-құжат; 2003 ж., № 15, 139-құжат; № 21-22, 160-құжат):

мынадай мазмұндағы 66-1-баппен толықтырылсын:

"66-1-бап. Әскери және арнаулы атақтар болу, нысанды киім киіп жүру құқығы 2004 жылдың 1 мамырынан бастап жойылған адамдарды зейнетақымен қамсыздандыру

Әскери және арнаулы атақтар болу, нысанды киім киіп жүру құқығы 2004 жылдың 1 мамырынан бастап жойылған адамдарға, олардың ішкі істер, қаржы полициясында, мемлекеттік өртке қарсы қызмет, қылмыстық-атқару жүйесі органдарында қызмет атқарған кезеңінде осы Заңның 4-бөлімінің күші қолданылады."

16. "Сот приставтары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., 13-14, 201-құжат; 2003 ж., № 10, 49-құжат):

1-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Сот приставтарына нысанды киім (погонсыз), үлгісін орындаушылық құжаттарын орындауды қамтамасыз ету бойынша уәкілетті мемлекеттік орган бекітетін куәлік және жетон беріледі."

17. "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 17-18, 215-құжат; 1999 ж., № 11, 357-құжат; 2001 ж., № 3, 20-құжат; № 24, 338-құжат):

27-2-баптың 3-тармағында:

"инспекторлар" деген сөзден кейін "нысанды киіммен (погонсыз)," деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осындай қызметкерлер лауазымдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды. Нысанды киім (погонсыз) үлгілерін, киіп жүру тәртібін және онымен қамтамасыз ету нормаларын уәкілетті орган бекітеді.;"

18. "Сот сараптамасы туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 12 қарашадағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 21, 276-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 21-22, 281-құжат):

1) мынадай мазмұндағы 15-1-баппен толықтырылсын:

"15-1-бап. Сот сарапшыларының біліктілік санаттары

Сот сарапшыларына біліктілік (білім деңгейі мен мамандығы бойынша жұмыс стажы) талаптары ескеріліп бекітілген сот сарапшылары лауазымдарының біліктілік сипаттамалары негізінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен біліктілік санаттары беріледі.;"

2) 24-баптың 2-тармағындағы "сыныптық шені, еңбек сіңірген жылдары үшін қосымша ақыдан" деген сөздер "біліктілік санаты, еңбек жағдайы үшін қосымша

ақыдан" деген сөздермен ауыстырылсын.

19. "Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 30 маусымдағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., N 13, 195-құжат; N 24, 436-құжат; 1999 ж., N 23, 922-құжат; 2000 ж., N 3-4, 66-құжат; N 6, 142-құжат; 2002 ж., N 17, 155-құжат; 2003 ж., N 10, 49-құжат; N 11, 67-құжат):

83-баптың 3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Сот орындаушысына қызметтік куәлік беріледі, ол үлгілерін уәкілетті орган бекітетін жетонмен және нысанды киіммен (погонсыз) қамтамасыз етіледі".

20. "Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 2-3, 34-құжат; N 23, 931-құжат; 2002 ж., N 4, 30-құжат; 2003 ж., N 15, 121-құжат):

5-баптың 3-тармағының бірінші бөлігіндегі:

"және Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен нысанды киіммен қамтамасыз етіледі" деген сөздер алынып тасталсын;

мынадай мазмұндағы сөйлеммен толықтырылсын:

"Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың өсімдіктер карантині жөніндегі бас мемлекеттік инспекторлар, облыстық, қалалық, аудандық өсімдіктер карантині жөніндегі уәкілетті органның аумақтық органдарының мемлекеттік инспекторлары, шекара пункттері мен шекарадағы бекеттердің өсімдік карантині жөніндегі мемлекеттік инспекторлар өсімдіктер карантині бойынша бақылауды тікелей жүзеге асыру кезінде нысанды киім (погонсыз) киюге, айырым белгілерді, жетондарды тағуға құқылы.";

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осындай қызметкерлер лауазымдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды. Нысанды киім (погонсыз) үлгілерін, киіп жүру тәртібін және онымен қамтамасыз ету нормаларын уәкілетті орган бекітеді".

21. "Қазақстан Республикасындағы арнаулы мемлекеттік жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 5 сәуірдегі Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., N 8, 238-құжат; N 23, 925-құжат; 2000 ж., N 23, 411-құжат; 2001 ж., N 2, 14-құжат; 2002 ж., N 6, 71-құжат):

1) 4-баптың 3) тармақшасы "ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасылары" деген сөздің алдынан ", Қазақстан Республикасының бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының және 2004 жылғы 1 мамырдан бастап әскери және арнаулы атақтар болу, нысанды киім киіп жүру құқығы жойылған адамдардың" деген сөздермен толықтырылсын;

2) 7-баптың 6) тармақшасы "әскери қызметшілердің" деген сөздерден кейін ", Қазақстан Республикасының бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитетінің,

қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының және 2004 жылғы 1 мамырдан бастап әскери және арнаулы атақтар болу , нысанды киім киіп жүру құқығы жойылған адамдардың" деген сөздермен толықтырылсын.

22. "Темір жол көлігі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 8 желтоқсандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы 2001 ж., N 23, 315-құжат; 2003 ж., N 10, 54-құжат):
1) 14 - бапта :

1-тармақ мынадай мазмұндағы 15-1) тармақшамен толықтырылсын:

"15-1) нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар темір жол көлігінде мемлекеттік бақылау қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін бекіту";

2-тармақтың 5) тармақшасындағы "және оны киіп жүруге құқығы бар темір жол көлігі қызметкерлері лауазымдарының (кәсіптерінің) тізбесін" деген сөздер алынып тасталсын ;

2) 32-баптың 1 тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын;

"Тексеруді жүзеге асыру кезінде уәкілетті органның лауазымды адамдары белгіленген үлгідегі нысанды киімде (погонсыз), қызметтік куәлігі болуға тиіс".

23. "Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 2, 16 - құжат) :
4 - бапта :

2-тармақтың 11) тармақшасында :

"нысанды киім" деген сөздерден кейін "(погонсыз)" деген сөзбен толықтырылсын;

", нысандар үлгілері мен айырым белгілерін, нысанды киім киіп жүру тәртібін және қамтамасыз ету нормаларын" деген сөздер алынып тасталсын;

3-тармақтың 12) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"12) нысанда киім (погонсыз) үлгілері мен айырым белгілерін, нысанды киім (погонсыз) киіп жүру тәртібін және онымен қамтамасыз ету нормаларын бекіту";

24. "Әділет органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 18 наурыздағы Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 6, 67 - құжат) :

1) 7-баптың 2-тармағының 5) тармақшасы "және біліктілік санаттары" деген сөздермен толықтырылсын ;

2) 27 - бапта :

1-тармақ "Әділет министрлігінің" деген сөздерден кейін "осы салада әділет органдарының алдына қойылған негізгі міндеттер мен функцияларды тікелей орындайтын" деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Осындай қызметкерлер лауазымдарының тізбесін Қазақстан Республикасының

Үкіметі

айқындайды."

25. "Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 4 шілдедегі Заңына(Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 13-14, 145-құжат):

1) 17-баптың 1-тармағында:

"Қаржы полициясы органдарының" деген сөздерден кейін "алдына қойылған негізгі міндеттер мен функцияларды тікелей орындайтын қаржы полициясы органдарының" деген сөздермен толықтырылсын;

5) тармақшаның үшінші абзацы алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Арнаулы атақ берілетін қаржы полициясы органдарының қызметкерлері лауазымдарының тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.";

2) мынадай мазмұндағы 22-1-баппен толықтырылсын:

"22-1-бап. Арнаулы атақтар болу, нысанды киім киіп жүру құқығы 2004 жылғы 1 мамырдан бастап жойылған адамдардың құқығы

Арнаулы атақтар болу, нысанды киім киіп жүру құқығы 2004 жылғы 1 мамырдан бастап жойылған адамдарға қаржы полициясы органдарындағы қызметі кезеңінде осы Заңның 18-бабының 4-тармағын қоспағанда, осы Заңның 6-тарауының күші қолданылады."

26. "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңына(Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., N 16, 148-құжат):

20-баптың 6-тармағында:

"ветеринариялық рәміздері бар арнаулы киім" деген сөздер "нысанды киім (погонсыз)" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Нысанды киім (погонсыз) киіп жүруге құқығы бар қызметкерлердің тізбесін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды. Нысанды киім (погонсыз) үлгілерін, киіп жүру тәртібін және онымен қамтамасыз ету нормаларын уәкілетті орган бекітеді."

2-бап. 20 жылдан аса қызмет өткен, әскери және арнаулы атақтар болу, нысанды киім киіп жүру құқығы 2004 жылғы 1 мамырдан бастап жойылған адамдар әскери қызметті және аттестацияланған лауазымдардағы ішкі істер, қылмыстық-атқару жүйесі, қаржы полициясы, мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарындағы қызметті өткеруді аяқтауға құқығы бар.

3-бап. Осы Заң 2004 жылдың 1 мамырынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК